



Сілекей безі

Орындаған: Аманбай Аида

Факультет: Жалпы
медицина, 101-б

Қабылдаған: Тулеева Г.Т.


Сілекей безі

- Сілекей – ауыз қуысына бөлінетін сілекей бездерінің бөліндісі. Сілекей (лат. saliva) — мөлдір, түссіз сұйықтық. Сілекей ауыз қуысын ылғалдап, дәм сезу мүшелерінің қызметін қамтамасыз етіп, жеген тамақты ылғалдайды. Сонымен бірге, сілекейдің ауыз қуысын тазартып, тісті зақымданудан сақтайтын бактериалық қасиеті бар. Ауыз қуысындағы сілекей ферменттерінің әсерінен көмірсулардың ыдырауы жүзеге асады. Сілекейдің рН ортасы 5,6-дан 7,6-ға дейін болады.



Классификациясы

- Сілекей бездерін кіші және үлкен сілекей бездері деп бөледі. Жұпты үлкен сілекей бездері – құлақ маны, төменгі жақ асты, тіс асты және кіші сілекей бездері – ерін, ұрт, тіл ас қорыту бездері болып табылады.
- Құлақ маңы сілекей безі – үш бездің ішіндегі ең ірі без болып табылады. Безде бет нервісі өрім түзеді. Бездің шығару өзегі ауыз қуысы кіре берісінде жоғары 2 – ші азу тіс деңгейінде ашылады.



Құрылысы

- Сілекей безі құрылысы жағынан күрделі альвеолярлы без болып табылады. Ауыз қуысына бөлінетін серозды секреттің құрамы күрделі. Құлақ маңы сілекей бездерінің клеткалары шығару қызметін атқаратындықтан, организмнен дәрілік заттар мен токсиндерді бөліп шығарады.
- Құлақ маңы сілекей безі ішкі секреция безі болып табылады (паротин минералды және белокты алмасуға әсер етеді). Құлақ маңы бездері жыныс, қалқанша, қалқанша маңы бездерімен, гипофизбен, бүйрек үсті бездерімен гистофункционалдық байланыста.
- Төменгі жақ асты сілекей бездер – серозды кілегейлі секрет бөліп шығарады. Шығару өзегі тіл асты еміздікшесіне ашылады. Иек асты және тіл артериялары салдарынан қанмен қамтамасыз етіледі. Төменгі жақ асты сілекей бездері жақ асты нерв түйінінің бұтақтарымен инервацияланады.


- Тіл асты сілекей бездері – аралас болып табылады және серозды – кілегейлі секрет болып шығарады. Шығару өзегі тіл асты еміздікшесіне ашылады.
- Кіші сілекей бездері – барлық кілегей қабаттарда орналасады. Таңдай бездері артқы бөлімде көп және жұмсақ таңдайдың бағыты бойынша олардың саны көбейеді. Тілдің түбірінде, валик тәрізді еміздікшеде серозды бездер, ал басқа жерлерде – кілегей бездер орналасады.

Сілекей бөлінуі

- Сілекейдің бөлінуі – күрделі процесс. Ұсақ сілекей бездері кілегей қабаты ылғалдап, үзіліссіз секрет болып шығарады. Ірі сілекей бездерінен сілекейдің бөлінуі табиғатынан рефлекторлы, тағамның шартты тітіркендіргіштеріне байланысты (түріне, иісіне) және тағам факторлары кілегей қабаттың рецепторларына әсер етіп күшейеді. Сілекей бездерінің регуляциясы бас миында орналасқан жүйке орталығымен байланысты. Клиникада науқастарды емдеу кезінде сілекей бөлінуге тән өзгерістер туғызу мүмкіндігі ең маңызды болып табылады.

Қызметі

- Сілекейдің қызметі организмнің өмірге қажеттілігі үшін маңызды болып табылады. Гипосаливация басталғанда әсіресе, ксеростомия (сілекейдің болмауы) кезінде ауыз қуысы кілегей ауруларының тез арада дамитыны белгілі, ал 3 – 6 ай өткен соң, тістердің кариеспен зақымдануы басталады. Сонымен қатар тағамды шайнап, жұтқан кезде қиындықтар туады.



Қорғаныш қызметі

- Қорғаныш қызметі – ылғалдануы мен кілегей қабатпен (муциннің) жабылуы оны кебуден, жарылулардың түзілуінен және механикалық тітіркендіргіштердің әсерінен сақтайды. Сонымен бірге тіс беттері мен кілегей қабаттарды микроорганизмдер мен тағам қалдықтарынан тазарту қызметін атқарады. Сілекейдің қорғаныш қызметінде маңызды рольді оларды плазма ұйытқыш және фибринолитикалық бейімділігі атқарады. Сілекейде тромбопластин, антигрепаринді субстанция, проромбин және фибринолиздің активаторы мен ингибиторы бар. Осы заттар гемокоагуляциялайтын және фибринолитикалық белсенділікті меңгереді. Жергілікті гомеостазды қамтамасыз етуде маңызды роль атқарады және зақымданған тіндердің регенерация процесін жақсартады. Ауыз қуысы сұйықтығы тіс эмалі құрамын ұстап тұруда маңызды роль атқарады.

Ас қорыту қызметі

- Ас қорыту қызметі – тағам түйіндері қалыптасып оны жұтқан кезде сілекейдің ас қорыту қызметі жүреді. Сілекейде еріген тағам өнімдері дәм сезу анализаторына әсер етіп, ас қорыту жолдарының қызметін тудырады. Осы себепті сілекей күрделі орта болып табылады. Сілекей мен ауыз қуысы сұйықтығы лабильді орта және оның санды, сапалы құрамына әр түрлі факторлар мен организмнің жалпы жағдайы әсер етеді. Адамның жасына қарай құлақ маңы сілекей безінің қызметі төмендейді, ал оның құрамында хлордың саны азайып, кальций құрамы аздап көбейеді. Аурулар кезінде сілекей бөлінудің өзгерістері басталады.

Сілекей құрамы

- Сілекей — сілекей бездерінен ауыз қуысына бөлінетін секрет. Сілекей шығару өзектерінен алынған сілекей, аралас сілекей немесе ауыз қуысы сұйықтығы деп бөлінеді. Соңғысының айырмашылығы, секреттен басқа, құрамында олардың өмірге қажетті өнімдері, десквамирленген эпителий, сілекей денешіктері (лейкоциттер) қызыл иек эпителиіне бекуі арқылы ауыз қуысын мигрирлейтін микроорганизмдер болады. Сонымен қатар, онда тағам қалдықтары болуы мүмкін. Бірақ секреция жылдамдығы әр түрлі факторлардың әсеріне байланысты бірдей мөлшерде емес: ересек жаста (55 – 60 жастан кейін сілекейдің бөлінбеуі баяулайды), нерв қоздырғыштары, тағам тітіркендіргіштері. Сілекей бөлінбеудің жылдамдығы тістердің кариеспен зақымдануымен байланысты: сілекей қаншалықты көп бөлінсе, тістер соншалықты кариеспен зақымданады. Сілекей тұтқырлығы жоғары адамдарда тістерінің кариеспен зақымдануы интенсивті.

Сілекей құрамындағы органикалық заттар


- Сілекейге қан сарысуынан түсетін (аминоқышқылдар, мочеви́на);
- Бездермен синтезделетін (амилаза, гликопротеидтер, муцин, А классының иммуноглобулинi және т. б.).

Сілекей ферменттері

- Ферменттер – аралас сілекей де 5 негізгі топта кездеседі:
- карбоангидраза
- эстераза
- протеолитикалық
- ферментті қабылдайтын
- аралас топ. Қазіргі уақытта жалпы алғанда ауыз қуысы сұйықтығында 50 – ден астам ферменттер анықталды.


Сілекей ферменттері 3 топқа бөлінеді

- Сілекей безі паренхимасымен секреттелінетін;
- Бактериялардың іс — әрекетінен ферментативті процесс түзіледі.
- Ауыз қуысында лейкоциттердің қорытынды ыдырауында түзілетін.



82-сурет. Сілекей бездерінің орналасуы:

1 – шұқшығт безі; 2 – тіл; 3 – тілассы безі; 4 – жакасты безі



Сілекейдің мөлшері мен сапасы негізінен мына факторларға байланысты болып табылады

- Тістің беткі қабатының анатомиялық қасиетіне:
- Тіс кіреукесінің фтор мөлшерімен қанығуына, одан бөлінген фторapatит қышқыл әсеріне төзімді болып келеді.
- Ауыз қуысының тазалығына: тісті қағынан тазартып отыру тіс жегісінің алдын алудың бір жолы болып табылады.
- диеталық фактор: жұмсақ, көмірсуға бай тамақ тіс қағының пайда болуына әкеліп соқтырады. Витаминдер мен микроэлементтердің мөлшеріде ағзаның жалпы күйіне және әсіресе сілекейдің құрамына әсер етеді.
- сілекейдің мөлшері мен сапасына: Сілекейдің тұтқыр аз мөлшердегі түрі өзіне бактерияны тұтып алып, тіс жегісінің пайда болуына жағдай жасайды. Тіс кіреукесінің тіс жегісіне қарсы тұруында сілекейдің буферлік қасиетінің маңызы зор.
- генетикалық фактор

Пайдаланылган әдебиеттер

- Марри Р., Греннер Д., Мейес П., Родуэлл В. Биохимия человека. 2003.
- Кольман Я., Рем К.Г. Наглядная биохимия Мир, 2004.